

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№ 94 ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ШКОЛА № 94» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО
КАЗАЛИНСКОМУ РАЙОНУ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

«29» тамыз 2024 ж.г

№ 81

Жанкожа батыр ауылы

Село Жанкожа батыра

**Орта білім беру ұйымдарында
2024-2025 оқу жылының
басталуын, ұзақтығын және
каникул кезеңдерін айқындау
туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024-2025 оқу жылының басталу мерзімі меншік нысандарында және ведомстовалық бағыныстылығына қарамастан жалпы орта білім беру ұйымдарында 2024 жылғы 2 қыркүйекте басталсын.

2024 жылғы 01 қыркүйек – 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда;

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемші демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін.

9 (10) – сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 9 маусым аралығында.

11 (12) – сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 13 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін.

9 (10) – сынып оқушылары үшін:

- 1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;
- 2) қазақ тілі/орыс тілі және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе)– 2025 жылғы 2 маусым;
- 3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын, информатика)– 2025 жылғы 5 маусым;
- 4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 10 маусым;

11 12)-сынып оқушылары үшін:

- 1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан –2025 жылғы 30 мамыр;
- 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 3 маусым;
- 3)қазақ тілі/орыс тілі бойынша білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 6 маусым;
- 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын, информатика)– 2025 жылғы 12 маусым;
- 5) орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 13 маусым.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Негізі: ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығы



Мектеп директоры

[Handwritten signature]

А. Садиров